

«Келісілді»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ

Әдістемелік кабинет меңгерушісі:

Г.С.Барикова

« 01 » 06 2026 жыл



«Бекітемін»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ

«Жұлдыз бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі: З.Б.Нугманова

« 03 » 06 2026 жыл



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2025 - 2026 оқу жылындағы жазғы сауықтыру кезеңіне
арналған жұмыс жоспары**

2025 - 2026 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық -ақпараттық		
<i>Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау</i>		
Педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші – Нугманова З.Б. әдіскер – Каюпова А.Е.
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (<i>МДҰ бұйрығы</i>): <ul style="list-style-type: none"> - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы. 	Мамыр	Меңгеруші – Нугманова З.Б. Әдіскер – Каюпова А.Е.
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: <ul style="list-style-type: none"> - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және шектеулерді сақтау туралы; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету. 	Мамыр, маусым	Меңгеруші – Нугманова З.Б. әдіскер – Каюпова А.Е. Медбике –Қажығали А.С. (<i>Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады</i>)
Балаларға нұсқау өткізу: <ul style="list-style-type: none"> - жарақаттанудың алдын алу; 	Мамыр, маусым	

<p>- табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында жүру ережесі.</p>		<p>Әдіскер – Каюпова А.Е. Топ тәрбиешілері</p>
<p>Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру.</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Әдіскер – Каюпова А.Е.</p>
<p>II кезең. Әкімшілік – басқару бақылауы</p>		
<p>Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); 3) бассейнді дайында (бар болған жағдайда) - қауіпсіздікті тексеру.</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Меңгеруші – Нугманова З.Б. Әдіскер – Каюпова А.Е. Шаруашылық меңгерушісі – Бусурманова А.М.</p>
<p>Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін, мерекелік және бұқаралық іс- шараларының ұйымдастырылуын бақылау</p>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер – Каюпова А.Е.</p>
<p>Күн тәртібінің, тамақтанудың орындалуын бақылау</p>	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер – Каюпова А.Е. дене шынықтыру Нұсқаушысы – Юсупова А.А.</p>
<p>Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық.</p>	<p>Маусым-тамыз</p>	<p>Меңгеруші – Нугманова З.Б. Әдіскер – Каюпова А.Е. Медицина қызметкері – Қажығали А.С.</p>

<p>Жедел бақылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы. 	<p>Маусым - тамыз</p>	<p>Меңгеруші – Нугманова З.Б. Әдіскер – Каюпова А.Е. Медицина қызметкері - Қажығали А.С.</p>
<p>III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру</p>		
<ul style="list-style-type: none"> - жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - «шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқау беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.); - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен балаларды дамыту талаптарына сәйкестігін бақылап, жетілдіріп отыру. 	<p>Маусым-шілде</p>	<p>Әдіскер – Каюпова А.Е. Дене шынықтыру нұсқаушысы – Юсупова А.А. Медицина қызметкері - Қажығали А.С.</p>
<p>Семинар:</p> <p>1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі».</p> <p>Семинар – практикум:</p> <p>1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері».</p> <p>2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары».</p> <p><i>Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрлері қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.</i></p>	<p>Жазғы сауықтыру кезеңі бойы</p>	<p>Әдіскер – Каюпова А.Е. Дене шынықтыру нұсқаушысы – Юсупова А.А.</p>
<p>Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның сайтында «Ата –аналарға арналған консультациялық пункт» бөлімінде</p> <p>1. Ата-аналарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - буклеттер; - жаднамалар; 	<p>Жаз бойы</p>	<p>Әдіскер – Каюпова А.Е. Медицина қызметкері – Қажығали А.С.</p>

<ul style="list-style-type: none"> - нұсқаулықтар; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. <p>2. Санитарлық бюллетендер шығару:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Ішек жұқпасы»; - «Кене энцефалиті»; - «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер». 		
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер – Каюпова А.Е.
IV. Балалармен жұмыс		
<p>«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (модель 34 т.); - балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 36 т.); - бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асу (модель 26 т.); - педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына кәңіл бәліп, күнді әзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.); - әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.). 	Жаз бойы	<p>Әдіскер – Каюпова А.Е. Топ тәрбиешілері – Юсупова А.А. Каюпова А.Е. Досаналина К.Е. Макарова С.С. Музыка жетекшісі – Конысбаева К.А. Дене шынықтыру Нұсқаушысы - Юсупова А.А.</p>
V Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Топ тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы – Юсупова А.А.
<ul style="list-style-type: none"> - таза ауадағы дене шынықтыру; - таңертеңгі жаттығу; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері. 	Жаз бойы	Топ тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы – Юсупова А.А.

Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Мамыр айының соңында	Медициналық қызметкер
<ul style="list-style-type: none"> - Спорттық ойындар, жарыс сипатындағы ойындар;: - Қимыл белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. - спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар; - Мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізу<i>(мүмкіндігінше таза ауада)</i>. 	Жоспар бойынша	Әдіскер – Каюпова А.Е. Топ тәрбиешілері – Юсупова А.А. Каюпова А.Е. Досаналина К.Е. Макарова С.С. Музыка жетекшісі – Конысбаева К.А. Дене шынықтыру нұсқаушысы - Юсупова А.А. Педагог-психолог – Сартаева А.А.
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: <ul style="list-style-type: none"> - дозаланған күн ванналары; - суға шомылу, сумен шайыну, аяқты шаю; - массаж жолдарымен жаяу жүру, өзінемассаж жасау; - ауа ванналары; - терезені ашып қойып ұйықтау; - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су ішу режимі; - тыныс алу жаттығулары. 	Күн сайын	Әдіскер – Каюпова А.Е. Топ тәрбиешілері Дене шынықтыру нұсқаушысы – Юсупова А.А.
Арнайы жаттығулар: <ul style="list-style-type: none"> - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. 	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы – Юсупова А.А. Топ тәрбиешілері
Балалармен әңгімелесу: <ul style="list-style-type: none"> - «Денсаулық сағаты». 	Күн сайын	Медбике -Қажығали А.С.
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Күн сайын	Дене шынықтыру нұсқаушысы – Юсупова А.А., Топ тәрбиешілері

Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Күн сайын	Медбике – Қажығали А.С., аспазшы – Мусрепова Г.К.
Ата-аналармен жұмыс		
<ul style="list-style-type: none"> - ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); <p style="text-align: center;">іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту <i>(модель 48-51 т.)</i>.</p>	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер – Каюпова А.Е. Топ тәрбиешілері – Юсупова А.А. Каюпова А.Е. Досаналина К.Е. Макарова С.С.
Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру шараларының соңында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Топ тәрбиешілері
Жазғы сауықтыру шараларының соңында ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер, медицина қызметкері - Қажығали А.С.
Балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу	Тамыз	медицина қызметкері - Қажығали А.С.
Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Әдіскер – Каюпова А.Е.

2025–2026 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңіндегі мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің әдістемелік жұмыс жоспары.

МАЗМҰНЫ

I. Түсінік хат.

- 1.1. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастырудың өзектілігі мен маңыздылығы.
- 1.2. «Балаға бағытталған» тәсіл және баланың еркін ойын кеңістігі мен таңдау құқығын қамтамасыз ету қағидалары.
- 1.3. Жаз айларындағы педагогикалық процестің басты ерекшеліктері (оқу жүктемесін азайту, таза ауадағы белсенділікті арттыру).

II. Жазғы сауықтыру жоспарының мақсаты мен міндеттері.

- 2.1. Бағдарламаның стратегиялық мақсаты.
- 2.2. Сауықтыру-шынықтыру, тәрбиелік және әдістемелік бағыттағы негізгі міндеттер.

II.1. Нормативтік -құқықтық және әдістемелік қамтамасыз ету.

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын реттейтін ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің тізімі.
2. Санитариялық қағидалар (Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар) нормалары.

III. Жазғы сауықтыру жұмыс жоспарын жүзеге асыру бойынша жұмыс бағыттары

- 3.1. Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету: Жазғы кезеңде бес білім беру саласын кіріктіру (интеграциялау) бойынша кеңес беру. Балалардың сюжеттік-рольдік ойындарын жанама басқару технологиялары және STEAM элементтерін қолдану.
- 3.2. Жазғы сауықтыру іс-шараларын жоспарлау мен үйлестіру: Топтардың икемді күн тәртібін (режимін) және перспективалық-тақырыптық жоспарларын бекіту. Ауа райының өзгеруіне байланысты күн тәртібінің нұсқаларын әзірлеу.
- 3.3. Таза ауадағы тәрбиелік-білім беру жұмыстарын ұйымдастыру: Серуен барысында көркем әдебиеттер оқу, тіл дамыту және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру. Сауықтыру-шынықтыру шараларының (таңғы дала гимнастикасы, ауа, су емшаралары, жалаңаяқ жүру, тыныс алу гимнастикасы) жүйесі.
- 3.4. Балалардың танымдық-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру: Табиғи материалдармен (күм, су, тас, саз) жасалатын қарапайым тәжірибелер мен эксперименттер. Балабақша аумағындағы «Экологиялық соқпақтар» бойымен мақсатты серуендер мен бақылаулар.
- 3.5. Дамытушы ортаны жазғы кезеңге бейімдеу: Ойын алаңдарында «Ашық аспан астындағы зертханалар» мен сюжеттік ойын орталықтарын жасақтау. Әдістемелік кабинетте жазғы кезеңге арналған көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар қорын жаңарту.

III.1. Педагогтермен әдістемелік жұмыс түрлері.

1. Әдістемелік кеңестер: (Маусым, шілде, тамыз айларына арналған нақты тақырыптар).
2. Семинарлар мен практикалық жұмыстар: (Ұсақ моторика, күм-су терапиясы және еркін ойынды ұйымдастыру тренингтері).
3. Коучингтер мен тәжірибе алмасу: (Балаға бағытталған қарым-қатынас мәдениеті, үздік педагогикалық жобалар көрмесі).
4. Жас мамандармен жұмыс: (Жазғы серуен конспектілерін құруға және дидактикалық материалдарды іріктеуге көмек).
5. Құжаттарды сараптау: (Тәрбиешілердің күнделікті икемді жоспарлары мен шығармашылық есептерін талдау).

III.2. Жазғы сауықтыру бағдарламасының орындалуын бақылау және мониторинг.

1. Алдын ала бақылау: Топтардың және ойын алаңдарының жазғы кезеңге, қауіпсіздік талаптарына дайындығын тексеру.
2. Тақырыптық бақылау: Таза ауадағы шынықтыру шараларының, ауыз су режимінің және күн тәртібінің сақталу сапасы.
3. Жедел бақылау: Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, жарақаттанудың алдын алу нұсқаулықтарының орындалуы.
4. Қорытынды мониторинг: Балалардың денсаулық серпіні (физикалық дамуы) және жазғы бағдарламаның орындалу көрсеткіштері.

IV. Жазғы іс-шаралар жоспары (тақырыптық апталықтар).Балалармен жұмыс.

- 4.1. Маусым айы: «Балалық шақ мекені», «Жас із кесушілер», «Жаз да келді,көңілді», «Қауіпсіз жаз».
- 4.2. Шілде айы: «Гүлденген табиғат», «Анам, әкем және мен – тату тәтті отбасы», «Жазғы сайыстар», «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?», «Менің достарым».
- 4.3. Тамыз айы: «Ас атасы - нан», «Мен және қоршаған орта», «Өнер көзі халықта»,

«Ғажайыптар әлемінде».

V. Жазғы сауықтыру бағдарламасы бойынша дене шынықтыру –сауықтыру жұмыстары

1.Дағдыларды кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру.

Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу

Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу:

Арнайы жаттығулар:

Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау

Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру

Ата-аналармен жұмыс

1. Ақпараттық бұрыштарды безендіру (Күн өтудің алдын алу, ашық терезе қауіпсіздігі, суаттардағы қауіпсіздік ережелері бойынша папка-жылжымалар).
2. Ата-аналарға арналған чек-листтер (Парақшалар) мен желілік чаттарға арналған бейне-ұсыныстар (телефонсыз демалыс, үйдегі қарапайым тәжірибелер).

Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау.

Күтілетін нәтижелер

1. Балалардың денсаулығы мен физикалық көрсеткіштерінің жақсаруы.
2. Педагогтердің таза ауада еркін зерттеу кеңістігін құру бойынша кәсіби құзыреттілігінің

артуы.

Қорытынды

1. Қорытынды Педагогикалық кеңесте есеп беру, озық іс-тәжірибелерді жинақтап, балабақша қорына енгізу.

Қосымшалар

1. №1 Қосымша: Жазғы кезеңге арналған икемді күн тәртібінің үлгісі.
2. №2 Қосымша: Таза ауадағы қарапайым тәжірибелер мен қимыл-қозғалыс ойындарының картотекасы.

I. ТҮСІНІК ХАТ

1.1. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастырудың өзектілігі мен маңыздылығы

Жазғы сауықтыру кезеңі – балалардың денсаулығын нығайтуға, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға және тәрбие-білім беру жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға бағытталған кезең. Бұл кезеңнің өзектілігі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың маңыздылығымен байланысты.

Денсаулықты нығайту: Жаз айларында табиғи факторларды (күн, ауа, су) тиімді пайдалану арқылы балалардың иммунитетін көтеру, суық тию ауруларының алдын алу және қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған шынықтыру шаралары ұйымдастырылады.

Психологиялық қолайлылық: Ұзақ оқу жылынан кейін баланың жүйке-психикалық жүктемесін түсіру, эмоционалдық жайлылық аймағын құру және балабақша ортасында еркіндік пен қуаныш сезімін қалыптастыру маңызды.

Әдістемелік маңызы: «Жазғы кезең педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге, тәрбие-білім беру процесінде заманауи әдіс-тәсілдерді (STEAM, далалық зертханалар) тиімді қолдануға және балалардың қызығушылықтарына сәйкес еркін іс-әрекеттер ұйымдастыруға мүмкіндік береді.»

1.2. «Балаға бағытталған» тәсіл және баланың еркін ойын кеңістігі мен тандау құқығын қамтамасыз ету қағидалары

Заманауи қағида: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты қағидасы – педагогикалық процесті «Балаға бағытталған» тәсіл негізінде құру. Жазғы кезеңде бұл бағыт балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Баланың тандау құқығы: Жазғы уақытта балалардың қызығушылықтарына сәйкес еркін әрекеттер ұйымдастырылады. Бала өзіне ұнайтын ойын түрін, іс-әрекетті, дидактикалық материалдарды және ойын серіктестерін өз бетінше тандауға мүмкіндік алады. Педагог бұл процесте тек бағыттаушы және қолдаушы рөлін атқарады.

Еркін ойын кеңістігін құру: Балабақшаның ойын алаңдары балалардың қауіпсіз әрі еркін қозғалуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуына қолайлы болуы тиіс. Ойын алаңдары трансформацияланатын (қозғалмалы) ойын материалдарымен, табиғи заттармен (құм, су, тас, саз) ойнауға арналған арнайы құралдармен жабдықталады.

Субъект-субъектілі қарым-қатынас: Педагог пен бала арасындағы қарым-қатынас өзара сыйластық, серіктестік пен сенім негізінде құрылады. Педагог балалардың бастамаларына қолдау көрсетіп, олардың еркін әрекет жасауына педагогикалық жағдай туғызады.

1.3. Жаз айларындағы педагогикалық процестің басты ерекшеліктері

Жазғы кезеңдегі білім беру процесі өзіндік ерекшеліктерімен оқу жылындағы жүйеден ерекшеленеді:

Оқу жүктемесін жеңілдету: «Жазғы кезеңде ұйымдастырылған іс-әрекет көлемі жеңілдетіліп, тәрбие-білім беру процесі кіріктірілген түрде ұйымдастырылады. Балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары ойын, бақылау, зерттеу, тәжірибе жасау және қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы дамытылады.»

Таза ауадағы іс-әрекеттерді ұйымдастыру: Балалардың таза ауада болу уақыты ұзартылып, балаларды қабылдау, таңғы гимнастика, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар, бақылау, көркем әдебиет оқу, сурет салу, мүсіндеу және еркін ойын әрекеттері негізінен ашық ауада ұйымдастырылады. Ауа райының қолайсыз жағдайларында ғана топ бөлмелері пайдаланылады.

Икемді күн тәртібіне көшу: Ауа температурасының көтерілуіне байланысты күн тәртібі (режимі) икемді түрде құрылады. Серуен уақыты ұзартылып, белсенді шынықтыру шаралары күн сәулесінің белсенділігі төмен және салқын уақыттарда өткізіледі. Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында ауыз су режимі сақталып, әр топта таза ауыз суға үздіксіз қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

II. ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Жұмыс жоспарының стратегиялық мақсаты

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі педагогикалық процестің басты стратегиялық мақсаты — мектепке дейінгі ұйымда балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау, табиғи факторларды тиімді қолдану арқылы ағзаның шынығу деңгейін арттыру, сондай-ақ «балаға бағытталған» тәсіл негізінде балалардың дербестігін, еркіндігін және физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық әрі әлеуметтік дағдыларын ойын, зерттеу, бақылау, тәжірибе жасау және шығармашылық әрекеттерді өзара кіріктіре ұйымдастыру арқылы жан-жақты дамыту.

2.2. Сауықтыру-шынықтыру, тәрбиелік және әдістемелік бағыттағы негізгі міндеттер

Жұмыс жоспарының стратегиялық мақсатына қол жеткізу үшін жаз айларында келесі үш негізгі бағыт бойынша міндеттер кешені жүзеге асырылады:

1. Сауықтыру-шынықтыру бағытындағы міндеттер:

Ағзаның қорғаныс қабілетін арттыру: Күн, ауа, су сияқты табиғи сауықтыру факторларын күн тәртібіне жүйелі енгізу арқылы балалардың иммунитетін көтеру және суық тию ауруларының алдын алу;

Қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту: Таза ауадағы серуен уақытын ұзарту, таңғы гимнастиканы, спорттық, қимыл-қозғалыс және ұлттық ойындарды ашық аспан астында ұйымдастыру арқылы балалардың физикалық дағдыларын (ептілік, жылдамдық, төзімділік) жетілдіру;

Салауатты режимді қамтамасыз ету: Жазғы кезеңдегі икемді күн тәртібінің, ауыз су режимінің және дәрумендерге бай теңгерімді тамақтанудың сақталуын бақылау;

Жарақаттанудың алдын алу: Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау ережелерін, топ бөлмелері мен сыртқы ойын алаңдарындағы қауіпсіздік техникасын (тұрмыстық, жол-көлік, су айдындарындағы қауіпсіздік) сақтау.

2. Тәрбиелік-дамытушылық бағытындағы міндеттер:

Танымдық белсенділікті ояту: Табиғат құбылыстарын бақылау, зерттеу, құммен және сумен эксперименттер (тәжірибелер) жасау арқылы балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және танымдық дағдыларын дамыту;

Шығармашылық еркіндікті қолдау: Ұйымдастырылған іс-әрекетті ойын түрінде ұйымдастыру арқылы, ашық ауада сурет салу, мүсіндеу, театрландырылған қойылымдар мен музыкалық-ырғақтық ойындар арқылы баланың шығармашылық әлеуетін ашу;

Әлеуметтік-эмоционалдық органы жақсарту: Баланың дербес ойын кеңістігі мен таңдау құқығын қамтамасыз ету, құрдастарымен достық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және эмоционалдық жайлылық орнату;

Экологиялық мәдениетке тәрбиелеу: Балабақша ауласындағы гүлзарлар мен бақшадағы өсімдіктерді күтіп-баптауға, тірі және жансыз табиғатқа ұқыптылықпен қарауға баулу.

3. Әдістемелік және ұйымдастырушылық бағытындағы міндеттер:

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру: Жазғы кезеңде «балаға бағытталған» тәсілді қолдану, дамытушы органы трансформациялау және икемді жоспарлау бойынша тәрбиешілерге жүйелі әдістемелік қолдау көрсету, нұсқаулықтармен қамтамасыз ету;

Дамытушылық органы жаңарту: Топ алаңдарын балалардың қызығушылығына қарай икемді әрі қолжетімді материалдармен (квест-ойындар, спорттық жабдықтар, зерттеу құралдары) жабдықтау;

Отбасымен серіктестікті нығайту: Жаз айларында балаларды үйде және табиғат аясында сауықтыру, шынықтыру, сондай-ақ қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру, ағарту жұмыстарын (жадынамалар, ақпараттық стендтер) ұйымдастыру.

III. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2.1. Жазғы сауықтыру жұмыстарын реттейтін ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің тізімі

Жазғы кезеңде мектепке дейінгі ұйымның қызметі, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының келесі ресми нормативтік-құқықтық актілеріне (НҚА) негізделеді:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен) – балабақшадағы тәрбие-білім беру процесінің заңдылығын реттейді;

Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» Заңы – баланың демалысқа, денсаулығын сақтауға және қауіпсіз ортада тәрбиеленуге деген құқықтарын қамтамасыз етеді;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) (ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілген жаңа редакциясы) – жазғы кезеңде ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жеңілдетілген және кіріктірілген түрде ұйымдастырылуын, балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту негізінде педагогикалық процестің ұйымдастырылуын айқындайды;

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары – жазғы кезеңдегі топтарды жасақтау, күн тәртібінің икемділігі және ұйым жұмысының ерекшеліктерін айқындайды;

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ағымдағы оқу жылының аяқталуы және жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы ресми бұйрықтары мен нұсқаулық хаттары.

2.2. «Балаларды ерте дамыту институтының» әдістемелік ұсынымдары мен СанЕЖН (Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар) нормалары

Жазғы сауықтыру кезеңін сапалы өткізу үшін әдістемелік нұсқаулар мен санитариялық ережелердің талаптары басшылыққа алынады:

Жазғы сауықтыру кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін мынадай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады:

1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2.«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

4.«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

5.Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидалар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000320>

6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

7.«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

8.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

9.Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

11. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

12. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиназдармен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>

14. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

15. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017948>

16. Өрт қауіпсіздігі қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026867>

17. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

18. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>

19. Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020449>

20. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>

Педагогикалық процесті икемді жоспарлау: Жаз айларында дәстүрлі оқу формалары жеңілдетіліп ұйымдастырылады. Барлық жұмыс баланың еркіндігі мен дербестігін қолдауға бағытталып, жоспарлау «күн тақырыптары» немесе «апталық жобалар» (мысалы: «Ертегілер апталығы», «Экология және зерттеу апталығы», «Спорт және денсаулық апталығы») форматында құрылады;

Дамытушы органы жанарту: Әдістемелік ұсынымға сай, негізгі педагогикалық іс-әрекеттер топ бөлмесінен тысқары, ашық ауадағы дамыту орталықтарына көшіріледі. Ойын алаңдарында баланың таңдауына қарай құммен, сумен жұмыс істеуге, сурет салуға, театр ойнауға, кітап көруге арналған жылжымалы орталықтар ұйымдастырылады;

Балалар әрекетінің түрлерін кіріктіру: Серуен барысында сюжеттік-рольдік ойындар, квест-ойындар, табиғат аясындағы тәжірибелер, ұлттық және спорттық ойындар өзара кіріктіріліп, балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын табиғи ортада дамыту көзделеді.

2. СанЕЖН (Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар) нормалары

Жазғы кезеңдегі инфекциялық аурулар мен жарақаттардың алдын алу мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен «Мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» ережесінің келесі тармақтары мүлтіксіз орындалады:

Ауыз су режимін күшейту: Жаздың ыстық күндерінде балалардың су ішу режимі тұрақты бақылауда болады. Серуенге таза, бір реттік ыдыстармен қайнатылған су шығарылады. Ауыз су әрбір 3 сағат сайын жаңартылып отырады;

Күн тәртібі мен шынықтыру шаралары: Күн және ауа ванналары, көлеңкеде серуендеу, ашық аспан астында таза сумен кол-аяқты жуу, дымқыл кілемшелермен жүру сияқты шынықтыру шаралары санитариялық ережелерге сәйкес медицина қызметкерінің бақылауымен жүргізіледі;

Тамақтану сапасы мен дәрумендендіру: Балалардың мәзіріне балғын көкөністер, жеміс-жидектер және шырындар көбірек енгізіледі. С дәруменімен байыту жұмыстары ас блогында СанЕЖН талаптарына сай журналға тіркеліп, бақыланады. Тез бұзылатын тағамдардың сақталу мерзімі басты назарда болады;

Ауланы санитариялық тазалау және дезинфекциялау: Топтық алаңдардағы құмсалғыштардың құмы жаз басында толық ауыстырылып, тексеруден өткізіледі. Құм күнделікті тазартылып, қопсытылып және беті жабылып отырады. Ойын алаңдарындағы жабдықтар күн сайын жуылып, дезинфекцияланады. Аулаға күнделікті су себіліп, шаңы басылады.

III. ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЖОСПАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСКЕРДІҢ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ.

3.1. Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету					
№	Бағыты	Жұмыс мазмұны	Әдіскердің әрекеті	Жауаптылар	Мерзімі
1	Балалардың дағдыларын кіріктіріп дамыту	Балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын ойын, серуен және бақылау әрекеттері арқылы кіріктіріп дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.	Тәрбиешілерге әдістемелік нұсқау беру	Әдіскер – Каюпова А.Е.	Маусым
2	Сюжеттік-рольдік ойындарды ұйымдастыру	Балалардың сюжеттік-рольдік ойындарын жанама басқару, ойын сюжеттерін дамыту, серіктестік қарым-қатынас орнату	Жанама басқару технологияларын түсіндіру	Әдіскер – Каюпова А.Е.	Жаз бойы

3	Еркін ойын әрекеттері	Балалардың еркін ойын әрекеттерін ұйымдастыру, ойын ортасын жаңарту, проблемалық жағдаяттар арқылы логикалық ойлауын дамыту	Ойын ортасын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар беру	Әдіскер – Каюпова А.Е.Топ тәрбиешілері	Жаз бойы
4	Жазғы тақырыптық апталықтар	«Су сиқыршысы», «Жәндіктер әлемі», «Спорт және денсаулық» тақырыптық апталықтарын ұйымдастыру	Апталық жоспарларын әзірлеуге көмек көрсету	Әдіскер – Каюпова А.Е.	Маусым
3.2. Жазғы сауықтыру іс-шараларын жоспарлау мен үйлестіру					
1	Икемді күн тәртібі	Балалардың таза ауада болу уақытын ұзарту, икемді күн тәртібін ұйымдастыру	Күн тәртібін бекіту және бақылау	Әдіскер – Каюпова А.Е.медицина қызметкері – Қажығали А.С.	Маусым
2	Перспективалық жоспарлар	Маусым, шілде, тамыз айларына арналған тақырыптық жоспарларды әзірлеу және бекіту	Тақырыптық жоспарларды сараптау	Әдіскер – Каюпова А.Е.	Маусым
3	Ауа райына байланысты жұмыстар	Аптап ыстық күндері су ішу режимін күшейту, көлеңкеде тыныш ойындар өткізу, жаңбырлы күндері үстел ойындары мен театрландырылған жұмыстар ұйымдастыру	Баламалы жұмыстарды ұйымдастыруға ұсыныстар беру	Әдіскер – Каюпова А.Е.Топ тәрбиешілері	Жаз бойы
4	Тақырыптық блоктарды ұйымдастыру	«Балалық шақ мекені», «Экология және біз», «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыптық блоктарын өткізу	Тақырыптық жұмыстарды үйлестіру	Әдіскер – Каюпова А.Е.	Жаз бойы
3.3. Таза ауадағы тәрбиелік-білім беру жұмыстарын ұйымдастыру					
